

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

*Хамитова Д.К., заң факультетінің магистранты, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ
Өзбеков Д.Ө., з.ғ.к., ассистент профессор, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң
факультеті*

Еліміздің қазіргі қылмыстық заңнамасында әртүрлі ауырлықтағы жазаның он бір түрі белгіленген. Бас бостандығынан айыру бүгінгі күні жазаның ең көп таралған түрі болып табылады және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 39-бабында жарияланған мақсаттарды жүзеге асыруға, яғни, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, сотталғанды түзеу және жаңа қылмыстардың алдын алуға ұмтылады [1]. Жазаның бұл түрін қолдану жарияланған мақсаттардың орындалуына толық ықпал етпейтіні анық. Бұл фактіні түсіндіретін себептердің тұтас жүйесін бөліп көрсетуге болады, бірақ осы жазаның мәнін және оның орындалу ерекшеліктерін түсіну үшін, ең алдымен, осы құқықтық институттың пайда болуы мен даму тарихына жүгіну қажет.

Бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаның қалыптасуы мен дамуы ежелгі мемлекеттерден бастау алады және бұл қылмыскерді жазалауға деген ұмтылыспен емес, нақты әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктермен байланысты болды. Оның дәлелі ретінде мемлекеттерде ауыр жұмыс түрлері пайда болып (мысалы, кен табу орындарындағы жұмыс), онда еркін азаматтар өз еркімен жұмыс істегісі келмейді және алынған өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүдделі мемлекет ауыр қылмыстар жасаған қылмыскерлерді, кейде билікке ұнамайтын адамдарды, құлдарды тұтқындай бастап, осындай ауыр жұмыстарды орындауға мәжбүр етті. Сонымен қатар, қазіргі қоғамда бас бостандығынан айыру жазасы бұл бірнеше ондаған жылдарға созылуы мүмкін «мәңгілік» бас бостандығынан айыру болса, ал ежелгі қоғамдарда – бұл ауыр еңбектің салдарынан адамды салыстырмалы түрде баяу және ауыр өлімге әкелетінін түсіну керек (мысалы, кен табу орындарында сотталғандар адамдар екі-үш жылға дейін жетер-жетпестей өмір сүрген). Шын мәнінде, кеніштерге, ауыр еңбекке жер аударуды тіпті «орынды» жаза ретінде қарастыруға болмайды, керісінше, бұл қажетті қоғамдық өнімді арзан алудың және осы қауымдастықтағы «артық» адамдардан құтылудың бір жолы.

Жазаның бұл түрі туралы алғашқы жазбалар Ежелгі Ресейде айтылды, сол кездерде түрмеге қамау сияқты жаза дербес жазалаудың түрі ретінде тамырын жая бастады. Бас бостандығынан айырудың алғашқы заңнамалық бекітілуі 1550 жылғы «Судебник» атты заңда жарық көрді. Шамасы, XVI ғасырға қарай мемлекет сотталғандарға арналған орындарды ұйымдастыру және ұстау үшін арнайы органдарды, арнайы аппаратты бөлуге мүмкіндік алады. «Судебникте» бас бостандығынан айыру жазаларының түрлері бірдей сипатталмады. Мысалы: «Түрмеге лақтыру» (4, 34, 54, 55, 56, 58, 71 баптар); «Түрмеге қамау» (6-12 баптар және т.б.); «Түрмеге жіберу» (13 бап) деген сияқты әртүрлі болды. Сот тәжірибесінде бас бостандығынан айыру жазасы, әдетте, белгілі бір мерзімге ие болмайды. «Түрмеге қамау» анықтамасы түрменің ұзақтығын көрсетпестен қамтылған, бірақ кейбір баптарда түсіндірмелер (бас бостандығынан айырудың нақты мерзімдерін көрсетпестен) көрініс тапты. Бұл тек өмір бойына бас бостандығынан айыруға қатысты [2, 515].

«Судебниктің» өзінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның орындалуын реттейтін нормалар жоқ. Алайда революцияға дейінгі белгілі қылмыстық құқық теоретигі Н.С.Таганцев XVII ғасырда жазаның осы түрін орындау шарттарын сипаттады. Жаза арнайы ғимараттарда немесе монастырларда орындалды. Әдеттегі түрмелер ағаштан жасалған үйшік болса, ал үлкен түрмелер бірнеше үйшіктен құралды. Маңызды саяси және діни қылмыскерлер көбінесе жер түрмелеріне орналастырылды. Н.С.Таганцевтің пікірінше, түрмелер XVI-XVII ғасырларда ешқандай арнайы мақсатқа қызмет етпеген, мемлекет тек түрмедегі сотталғандардың мүмкіндігінше қашып кетпеуі туралы ғана

ойлады. Сотталғандарды түрмеге қамады және олар сол жерде қандай шарттарда отырғаны туралы мәселе тіптен қарастырылмады [3, 204].

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны дамытудың келесі жарқын кезеңін бөліп көрсете отырып, XVI ғасырдың ортасына назар аударайық. Алексей Михайловичтің жазаның мақсаты туралы алғаш рет айтқан ережесі үлкен маңызға ие. Бастапқыда жазаның негізгі мақсаты қылмыскерлерді қорқыту болса, кейін оның мақсатын қылмыскерді түзету болып өзгерту туралы ой пайда болды. Сонымен бірге, Кодексте өмір бойына бас бостандығынан айыру жағдайлары белгіленіп, түрмеге қамау мерзімдері анықталды. Ұлы Петр билігінің елеулі кезеңіне тоқталсақ, сол кезде жазалаудың тағы бір мақсаты айқындалғанын айта кеткен жөн. Ол жылдары сотталғандардың еңбегін пайдалану туралы идеялар дами бастады. 1699 жылы ауыр еңбек қолданысқа енгізіліп, ол мәжбүрлі еңбек пен жер аударуды біріктірді. Осындай мақсаттар үшін мамандандырылған мекеме - ауыр түрмелер құрылды.

Қазақтың әдеттегі құқығына тоқталатын болсақ, қазақтың әдет-ғұрып құқығында көптеген нормалар қылмыстық әрекеттер үшін жазалауға арналды. Қазақ адатында, сондай-ақ басқа халықтардың ерте феодалдық қоғамының құқық ескерткіштерінде қылмыс пен жазаның жалпы ұғымдары болмаған. XIX ғасырға дейін қазақтар қылмыс ұғымының орнына «жаман іс», «жаман мінез» ("Жаман қылық") ұғымдарын қолданған [4, 160]. Ресми түрде, қазақтардың әдеттегі құқығындағы қылмыс, басқа халықтардың әдеттегі құқықтарындағыдай, қылмыскердің жәбірленушіге материалдық және моральдық зиян келтіруі деп түсінілді. Сондықтан қазақ құқығында қылмыстық іс-әрекеттер азаматтық құқық бұзушылықтардан айтарлықтай ерекшеленбеді. Алайда, іс жүзінде үстем таптың өкілдеріне қарсы қылмыстар - әрдайым дерлік мемлекеттік биліктің иесі болып табылатын феодалдар, олардың меншігіне қарсы, рулық қауымдастыққа қарсы, дінге қарсы қылмыстар қазақтардың әдеттегі құқығында аса қауіпті деп саналды.

Жазаларды айқындау кезінде қазақ жүздеріндегі, руларындағы және олардың бөлімшелеріндегі сот билігі ұзақ уақыт бойы «қанға қан, жанға жан» қағидатын басшылыққа алды. Кек соттың үкімі бойынша жәбірленуші болып саналатын рудың атынан жүзеге асырылды. Бірте-бірте ақсүйектер мен бай мал иелерінің таза пайдакүнемдік мүдделері көп жағдайда кек алу сезімінен басым болып, қанды араздықты жазалаудың басқа түрлерімен алмастыруға мүмкіндік туды. Қазақ хандығының Ресейге қосылуы кезінде қазақ әдет-ғұрпында мынадай жаза түрлерінің жүйесі дамып, бекітілді:

Ең жоғары жаза - өлім жазасы көбінесе мойынның кесілуі түрінде қолданылды. Құн - төлемдер; айып - айыппұлдар; құлдыққа беру әдеті; дене жазасы; мүлікті тәркілеу; масқаралайтын жазалар; рулық қауымдастықтан шығару; жәбірленушіге қызмет ету үшін құқық бұзушыны беру әдеті [4].

Қазақ хандығының Ресейге қосылуынан кейін, хандықта жұмыс істейтін әртүрлі заң көздерінің арақатынасында елеулі өзгерістер болып, жаңа қайнар көздер пайда болды. Қазақтың әдеттегі құқығының қолданылу аясы күрт қысқарды және оның мазмұны айтарлықтай өзгерді.

Ереженінде мағынасы да күшейе түсті. Қазақ билері съездерінің нормативтік ережесі ретінде ескі адатты айтарлықтай түзетіп, толықтырып, оны белгілі бір дәрежеде жазбаша құқыққа айналдырған тұрақты дереккөзге айналды. Қазақ хандығында орыс құқығы ерекше маңызға ие болды, себебі, жаңа құқық жүйесі хандықтың негізгі құқығының қайнар көзіне айналды. Қазақ хандығында қолданыста болған орыс құқығының нормаларын екі үлкен бөлікке бөлуге болады:

а) бүкіл империя бойынша қолданыста болған және қазақтың әдеттегі құқығының ерекше жағдайын көрсетпеген нормалар;

б) Қазақ хандығы үшін арнайы белгілеген нормалар. Бұл хандықтағы мемлекеттік билікті ұйымдастыру мен ұйымдастырудың әскери-отарлық нысандарын, қылмыстық және іс жүргізу құқығын, жерге меншік құқығын және басқа да арнайы азаматтық-құқықтық нұсқамаларды белгілейтін нормалар болды.

Қазақ хандығы Ресей империясына қосылған уақыттан бастап, қылмыстық заңға біршама өзгерістер енгізіп, қанды кек алу, барымта, қылмыс орнында ұсталған құқықбұзушыны өздері жаза қолданусыз айыптау және т.б. әдет-ғұрыптарға тиым салынды. Бұндай өзгерістер қазақ қоғамына айтарлықтай оң әсер етті. Мәселен, кейбір ауыр қылмыстар үшін мүліктік және көп мөлшердегі айыппұлмен төленген болса, Ресей империясының қол астына қосылғаннан кейін, бұл қылмыстық жазалар мүліктік емес жазалау шараларына ауысқан. Ресей патшалығы өзгерістер енгізу арқылы, еңбек етуші қазақтарға қарсы бағытталған қылмыстық жазалау шараларын күшейтуде көрініс тапты. Расымен, Ресейдің қылмыстық құқығының нормалары экономикалық тұрғыдан дамыған мемлекет ретінде болып, қазақтың әдеттегі құқығының нормаларынан биік тұрды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап билер сотында айып және күн төлеу жазаларынан бөлек, жаңа жаза түрлері түрмеге қамау, үкімет белгілеген жерге жер аудару, қоғамнан алыстату, бір айға дейін қамауға алу және т.б. түрінде жаза тағайындау басталды. Осылайша, Қазақ хандығы Ресейге қосылғаннан кейін қазақтың әдеттегі құқығы бойынша негізінен мынандай жаза түрлері қолданылды: өлім жазасы (XIX ғасырдың 20-жылдарына дейін), дене жазасы, масқаралайтын жазалар, күн (сатып алу), айып (айыппұл), құлдыққа беру (шамамен XIX ғасырдың 60-жылдарына дейін), кінәлі тарапты жәбірленушіге қызмет көрсетуге беру, барлық мүлкін тәркілеу, бас бостандығынан айыру, жер аудару, ауылдан қуылу.

Жаңа жазалау шаралары қазақ халқы үшін айтарлықтай өзгеріс әкеліп, қанды және қатыгез мәжбүрлеу шараларынан бас тартқызды. Қазақ хандығының Ресейге қосылуы, оң нәтиже беріп, ізеттілік әдістерін жүзеге асыруға бірден-бір бастау алып берді. Уақыт өте келе қазақ қоғамында алғашқы 1959 жылы қылмыстық кодексі пайда болды. Бұл кодексте жалпы қылмыс және оның түрлері, жаза, жаза түрлері мен қолдану әдістері, қылмыстың құрамын тағы да сол сияқты ұғымдар көрініс тапты. Бірақ, 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексі «бас бостандығынан айыру жазасы бұл сотталушыны осы мекемеге арнайы тағайындалғандарға мәжбүрлеп оқшаулау болып табылады» деген нақты анықтама берген жоқ.

1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық және қылмыстық-атқару кодекстеріндегі сот жүйесін реформалау жалпы жазаға да, оның жекелеген түрлеріне де, ең алдымен бас бостандығынан айыруға байланысты тұжырымдамалық ережелерді айтарлықтай өзгертті. Мәселен, Қазақ КСР-нің 1959 жылғы 22 шілдедегі Қылмыстық Кодексі бойынша қандай жағдай болса да бас бостандығынан айыру жазасы жиырма жылдан аспайтындау тағайындалуы керек деген негіздемені басшылыққа алды. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексі жазаның осы түрінің шекті мерзімін едәуір ұзартты.

Бірақ, 2008 жылғы мәліметтерге сәйкес, 20 жылдан астам мерзімге сотталғандардың саны, жалпы сотталғандардың санының 1,5 пайызын құрады. Алайда, тағайындалып отырған жазасының ұзақ мерзімдерінің үлесі жылдан жылға артқан болатын. Мәселен, 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 20 жылдан астам жазаға 265, 2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша — 365, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша — 499, 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша — 569, 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша — 619, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша — 711, 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша — 707 сотталғандарға тең. Көріп отырғынымыздай, ұзақ мерзімге жаза тағайындау тенденциясы жыл сайын артқаның байқауға болады [5].

Қолданыстағы Қазақстандық қылмыстық заңнама 2014 жыл жазаны сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде айқындайды және сотталғанды қоғамнан оны колониялық қонысқа жіберу немесе белгілі бір режимдерде түзеу колониясына орналастыру арқылы оқшаулаудан тұрады. Жаза қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген осы адамның құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе шектеуде көрініс табады.

Қорытындылай келе, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның пайда болу тарихын қарастыра отырып, біз тарихымыздың әр кезегімен осындай ежелгі жазаның дамығанын, жақсарғанын және түзетілгенін атап өтеміз. Ұзақ тарихи жолдан өткен бас бостандығынан айыру түріндегі жазасы ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамына еніп, келешекте қылмыстық саясатындағы негізгі жазалардың біріне айналатыны белгілі болды. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік идеологияның адамгершілікке қарай өзгеруіне, мемлекеттің жаңа ұйымдастырушылық мүмкіндіктеріне, сондай-ақ жаза мен оның мақсаттары туралы идеялардың өзгеруіне байланысты болып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі, 3 шілде 2014 ж.
2. Сергеевич В. И. Лекции по истории русского права. СПб., 1890. С. 515.
3. Таганцев Н. С. Русское уголовное право: Часть общая: лекции: в 2 т. М., 1994. Т. 2. С. 204.
4. Культелеев Т.М. «Уголовное обычное право» - Алматы, 1947. С.60
5. Практика назначения судами республики наказаний по уголовным делам за 2008 год. Организационноаналитический отдел Аппарата Верховного Суда Республики Казахстан.

ОБ АКТУАЛЬНЫХ ВОПРОСАХ ПОСЯГАТЕЛЬСТВ НА ЧУЖУЮ СОБСТВЕННОСТЬ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Чиниев Д. А., д.ю.н., и.о.доцента кафедры уголовного права, криминологии и противодействия коррупции Ташкентского государственного юридического университета, г. Ташкент, Узбекистан

Обеспечение неприкосновенности права собственности, создание необходимых и достаточных условий для ее полной реализации и защиты на сегодняшний день, формирование в этих целях достаточной и действенной нормативно-правовой базы являются одними из важных факторов развития общества и государства, повышения благосостояния ее граждан.

Осуществление права собственности происходит во всех сферах социально-экономической жизни общества. Данный процесс, порой, выходит за рамки правовых отношений. Иногда интенсивность и характер правонарушений в сфере права собственности, особенно коррупционных преступлений, позволяет судить об актуальности этих правоотношений, что требует адекватного реагирования, направленного на усиление гарантий права собственности на данный период.

Нарушения права собственности, особенно связанных с захватами предприятий, земель, собственности граждан с применением коррупционных, преступных методов, заметно влияет также и на имидж государства, его инвестиционный климат. Поэтому от их возрастания страдают не только собственник, но и экономика государства в целом.

Так, видные аналитики стран СНГ, такие, как М.Делягин [1, 1-3], В.Гриб [2, 2-4], В.Овчинский [1, 1-2] и Ю.Алексеев [3, 2], называют рейдерство одной из самых болезненных тем экономики и считают, что оно угрожает национальной безопасности государства.

В то же время, Д.А.Медведев будучи Президентом РФ, характеризуя рейдерство, отметил, что «право на частную собственность – это составляющая элементарной правовой культуры. Необходимо возвращать имущество законным хозяевам, а тех, кто незаконно захватывает предприятия, сажать в тюрьму: «Сталкиваться с рейдерством в ХХІ веке просто стыдно» [4, 1].